

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»  
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2023.10 (3)  
шілде-қыркүйек

ISSN 2710-3994



ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2022  
© Авторлар ұжымы, 2023

#### БАС РЕДАКТОР

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан)

#### РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

**Аяған Бүркітбай Ғелманұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

**Әлімбай Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

**Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

**Қожамжарова Дария Пернешқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

**Көмеков Болат Ешмұхамедұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы** — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашұлы** — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Сыдықов Ерлан Бәтташұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

#### ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

#### ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

**Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы** — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Кубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

#### ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

**Копеева Сания Жуматайқызы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова» Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации: № 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки: история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография, археология, этнология, антропология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии  
им. Ч.Ч. Валиханова, 2023  
© Коллектив авторов, 2023

### ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

### РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Аяган Буркитбай Гелманович** — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Карибаев Берекет Бахытжанович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

**Кожамжарова Дария Пернешовна** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

**Кумеков Болат Ешмухамбетович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Матыжанов Кенжехан Слямжанович** — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашевич** — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

**Сыдыков Ерлан Батташевич** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Таймагамбетов Жакен Кожаметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

### ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

### НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

**Козыбаева Махаббат Маликовна** — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

### ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

**Копеева Сания Жуматаевна** — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2023  
© Group of authors, 2023

#### EDITOR-IN-CHIEF

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

#### EDITORIAL BOARD

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

**Ayagan Burkitbai Gelmanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**Golden Kathie Stromile** — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Karibayev Bereket Bakhytzhonovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan) **Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

**Kozhirova Svetlana Bassieвна** — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

**Kumekov Bolat Eshmukhambetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Matyzyanov Kenzhekhan Slyamzhanovich** — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Samashev Zainolla Samashevich** — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**Sydykov Erlan Battashevich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

#### EXECUTIVE EDITOR

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

#### ACADEMIC EDITOR

**Kozybayeva Makhabbat Malikovna** — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulbayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

#### TECHNICAL SECRETARY

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Published in the Republic of Kazakhstan  
Electronic scientific journal "edu.e-history.kz"  
Has been issued as a journal since 2014  
ISSN 2710-3994.  
Vol. 10. Is. 3, pp. 543–555, 2023  
Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / МРПТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2023\\_35\\_3\\_543-555](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_35_3_543-555)


## ETHNIC PROCESSES IN THE GOLDEN HORDE

*Mendigul S. Nogaibaeva*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University

(71, Al-Farabi Ave., 050060 Almaty, Republic of Kazakhstan)

Candidate of Historical Sciences, Associate Professor

 <https://orcid.org/0000-0003-4093-1435>. E-mail: [nmskaz1129@gmail.com](mailto:nmskaz1129@gmail.com)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2023

© Nogaibaeva M.S., 2023

**Abstract.** *Introduction.* The article examines the issues of the ethnic history of the Golden Horde on the basis of a comparative analysis of a complex of written and oral sources in close connection with the formation of clans and tribes that later formed the Kazakh people. *Goals and objectives* of the study are to show the ethnic, spiritual, cultural and political continuity of the Golden Horde with the Kazakh Khanate and determine its significance. *Results.* The participation of a number of large tribes of Kipchaks, Argyns, Naimans, Konyrats, Kereys, Zhalairst, and tribal associations of Alshyn, Uysun and Zhetyru, who formed the basis of the Kazakh people, in the ethnoprocesses of the 13-15 centuries, that is, in the era of the Golden Horde, was considered. The era of the Golden Horde was considered as a period of a separate ethnic process in the history of the formation and origin of the Turkic peoples. After analyzing that since the 60s of the 14th century, the word "Uzbek" was used in an ethnic sense, that is, as the name of the people of the Golden Horde, which formed several ethnopolitical communities during the collapse of the state, the significance of the Golden Horde period in the formation of the Kazakh people was determined. *Conclusion.* The ethnic processes that took place during the era of the Golden Horde stabilized in certain regions by the 15th century and created the basis for the formation of nations that exist to this day. Thus, the clans and tribes listed in written sources under the general name Kipchak became part of the uluses and states that arose on the site of the Golden Horde state. Therefore, the presence of many Kazakh clans and tribes in the modern Bashkirs, Nogais, Karakalpaks, Kirghiz, Uzbeks and others shows the common ethnic origin of these peoples. Nevertheless, the clans and tribes, which once constituted the main population of the unified Golden Horde, embarked on their own path of development on the basis of the later Turkic peoples, starting from the 17th-18th centuries.


**Keywords:** Golden Horde, ethnic processes, Kypchak, clans and tribes, Uzbeks, nomadic Uzbeks, Shibanids, Nogai, Turkic peoples

**Acknowledgements.** The article was prepared within the framework of the grant funding project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan "Translation of new sources and study of the ethnopolitical history of the Golden Horde" (IRN: BR 10965240).

**For citation:** Nogaibaeva M.S. Ethnic processes in the Golden horde // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2023. Vol. 12. No. 3. Pp. 543–555. (In Kaz.). DOI: 110.51943/2710-3994\_2023\_10\_3\_543-555



**АЛТЫН ОРДАДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР***Ноғайбаева Меңдігүл Сағатқызы<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті  
 (71-үй, әл-Фараби даңғ., 050060 Алматы, Қазақстан Республикасы)  
 тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор  
 <https://orcid.org/0000-0003-4093-1435>. E-mail: [nmskaz1129@gmail.com](mailto:nmskaz1129@gmail.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТЭИ, 2023

© Ноғайбаева М.С., 2023


**Аңдатпа.** *Кіріспе.* Мақалада Алтын Орданың этникалық тарихының мәселелері кейінгі қазақ халқын құраған ру-тайпалардың қалыптасуымен тығыз байланыста жазба және ауызша деректер кешенін салыстырмалы түрде талдау негізінде қарастырылды. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* Алтын Орданың Қазақ хандығымен этникалық, рухани-мәдени және саяси сабақтастығын көрсету және маңызын анықтау. *Нәтижелер.* Қазақ халқының негізі болып саналатын қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей, жалайыр сияқты ірі тайпалар мен Алшын, Үйсін, Жетіру тайпалық бірлестіктеріндегі тайпалардың XIII–XV ғасырлардағы этнопроцесінде, яғни Алтын Орда дәуірінде орны сарапталды. Алтын Орда дәуірі түркі халықтарының қалыптасуы мен шығу-тегі тарихында жеке бір этникалық процесс кезеңі ретінде қарастырылды. XIV ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап, «өзбек» сөзі этникалық мән ретінде, яғни Алтын Орда халқының атауы ретінде қолданылып, мемлекеттің ыдырауы кезеңінде бірнеше этносаяси қауымдастықтарды құрағанын талдай отырып, қазақ халқының қалыптасуындағы Алтын Орда кезеңінің маңызын айқындалды. *Қорытынды.* Алтын Орда дәуірінде жүрген этникалық процестер XV ғасырда жекелеген аймақтарда тұрақтанады да, қазіргі күндерге дейін өмір сүріп отырған ұлттардың қалыптасуына негіз жасайды. Осылайша жазба деректерде жалпы қыпшақ атауымен берілген ру-тайпалар Алтын Орда мемлекетінің орнында пайда болған ұлыстар мен мемлекеттер құрамына кірді. Сондықтан, көптеген қазақ ру-тайпаларының қазіргі башқұрт, ноғай, қарақалпақ, қырғыз, өзбек және т.б. құрамында кездесуі бұл халықтардың этникалық шығу тегінің ортақтығын көрсетеді. Дегенмен, бір кездері біртұтас Алтын Орданың негізгі халқын құраған ру-тайпалар кейінгі түркі халықтарының негізінде XVII–XVIII ғасырлардан бастап өзіндік даму жолына түсті.

**Түйін сөздер:** Алтын Орда, этникалық үдерістер, қыпшақ, ру-тайпалар, өзбектер, көшпелі өзбектер, шибанидтер, ноғайлар, түркі халықтары

**Алғыс.** Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жаңа деректерді аудару және Алтын Орданың этносаяси тарихын зерттеу» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (жеке тіркеу нөмірі: BR 10965240).

**Дәйексөз үшін:** Ноғайбаева М.С. Алтын ордадағы этникалық үдерістер // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 3. Рр. 543-555. бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_10\_3\_543-555

**ЭТНИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ЗОЛОТОЙ ОРДЕ***Ноғайбаева Мендигуль Сағатовна<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Казахский национальный университет им. Аль-Фараби  
 (д. 71. пр. аль-Фараби, 050060 Алматы, Республика Казахстан)  
 кандидат исторических наук, ассоциированный профессор  
 <https://orcid.org/0000-0003-4093-1435>. E-mail: [nmskaz1129@gmail.com](mailto:nmskaz1129@gmail.com)

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Ноғайбаева М.С., 2023

**Аннотация.** *Введение.* В статье на основе сравнительного анализа комплекса письменных и устных источников были рассмотрены вопросы этнической истории Золотой Орды в тесной связи с формированием родов и племен, которые впоследствии образовали казахский народ. *Цель и задачи исследования* – показать этническую, духовно-культурную и политическую преемственность Золотой Орды с Казахским ханством и определить ее значение. *Результаты.* Рассмотрено участие ряда крупных племен кыпчаков, аргынов, найманов, коныратов, кереев, жалаирав, и племенных объединений Алшын, Уйсун и Жетыру, составивших основу казахского народа, в этнопроцессах XIII–XV веков, то есть в эпоху Золотой Орды. Эпоха Золотой Орды рассматривалась как период отдельного этнического процесса в истории становления и происхождения тюркских народов. Проанализировав, что с 60-х годов XIV века слово «узбек» употреблялось в этническом значении, то есть как название народа Золотой Орды, образовавшего несколько этнополитических общин в период распада государства, было определено значение периода Золотой Орды в становлении казахского народа. *Вывод.* Этнические процессы, происходившие в эпоху Золотой Орды, стабилизируются в отдельных регионах к XV веку и создают основу для формирования наций, существующих и по сей день. Таким образом, роды и племена, приведенные в письменных источниках под общим названием кыпчак, вошли в состав улусов и государств, возникших на месте государства Золотая Орда. Поэтому наличие многих казахских родов и племен в составе современных башкир, ногайцев, каракалпаков, киргизов, узбеков и др. показывает общность этнического происхождения этих народов. Тем не менее, роды и племена, которые когда-то составляли основное население единой Золотой Орды, вступили на собственный путь развития на основе более поздних тюркских народов, начиная с XVII–XVIII веков.

**Ключевые слова:** Золотая Орда, этнические процессы, кыпчак, роды и племена, узбеки, кочевые узбеки, шибаниды, ногаи, тюркские народы

**Благодарность.** Статья подготовлена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан «Перевод новых источников и исследование этнополитической истории Золотой орды» (регистрационный номер: AP 10965240).

**Для цитирования:** Ногайбаева М.С. Этнические процессы в Золотой орде // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2023. Т. 10. № 3. С. Рр. 543–555. (На каз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_10\_3\_543-555

### Кіріспе

Жошы ұлысының этникалық құрамы күрделі болғаны белгілі. Алтын орда мемлекетінің құрылуы мен қалыптасуы барысында этникалық жағдай күрделі үдерістерден өтті. Уақыт өте келе жалпылама ортақ сипаттарға ие бола бастаған ортақ этникалық қауымдастықтың қалыптасуы орын ала бастады. Алтын Орда кезеңінде «кыпшақтар» деген жинақталған атаумен аталған этносаяси қауымдастықтың ру-тайпалық құрамы XIII ғасырға дейінгі кезеңмен салыстырғанда елеулі өзгеріске ұшырады. Бұл жергілікті ру-тайпалардың моңғол шапқыншылығы дәуіріне байланысты орын алған этносаяси өзгерістердің нәтижесінде құрамы өзгеріп, этникалық дамудың жаңа кезеңіне өткенін көрсетеді. Алтын Орда мемлекеті ыдыраған тұста Дешті Қыпшақтағы іргелі тайпалық бірлестік ретінде белгілі болған ру-тайпалар оның орнында пайда болған мемлекеттік бірлестіктердің негізгі халқын құрады.

Моңғол шапқыншылығы Дешті Қыпшақтағы ру-тайпалардың бір-бірімен араласуын туғызды. Ру-тайпалардың бұрынғы көші-қон маршруттары өзгеріп, олар жаңа саяси-әкімшілік құрылымға байланысты бөлшектеніп кетті. Моңғол дәуірі деп аталатын кезеңде кейінірек қазақ халқының негізін қалаған ру-тайпалардың сол замандарда орын алған саяси оқиғалар нәтижесінде бұрынғы Алтын Орда аумағы мен оған шектес аумақтардағы этносаяси процестердің ортасында жүргенін көреміз. Сондықтан бүгінгі қазақ халқын құрап отырған іргелі тайпалық бірлестіктердің іздерін Ноғай Ордасы, Қазан хандығы, Ақ Орда мемлекеті, Әмір Темір және оның ұрпақтары мемлекеті және т.б. мемлекеттік бірлестіктер тарихынан кездестіреміз. Мақалада Алтын Орда кезеңіндегі этникалық үдерістер негізінен бүгінгі қазақ халқын құраған ру-тайпалардың тарихымен тығыз байланысты қарастырылады. Мәселені, бұл тұрғыдан қарастыру Алтын Орданың Қазақ хандығымен этникалық, рухани-мәдени және саяси сабақтастығын көрсету және маңызын анықтау мақсатынан туындап отыр.

### Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақаланы жазу барысында тарихнамалық және тарихи фактілердің өзара байланысын зерттеуге қолайлы жағдай жасайтын *хронологиялық баяндау* және *проблемалық-мерзімдемелік* және *жүйелілік* әдістері қолданылды. Сонымен қатар, зерттеу барысында тарихи білімнің жинақталған тәжірибесінен теориялық қорытындылауға өтуге мүмкіндік беретін логикалық талдау басшылыққа алынды. *Логикалық талдау* Алтын ордадағы этникалық үдерістердің ерекшеліктері мен нәтижелеріне қатысты методологиялық ұстанымдар мен тарихнамалық концепциялардың дамуы мен тұжырымдарын анықтауда қолданылды.

Мәселені зерттеуде жалпы Алтын Орда тарихына қатысты жазба деректердің үлкен кешені мен ауыз әдебиеті үлгілерінен тұратын ауызша деректердің маңызы зор. Жалпы Алтын Орда тарихының әртүрлі аспектілерін баяндайтын араб, парсы, армян, орыс және түркі тіліндегі деректердің көпшілігі ғылыми айналымға енген деректер. Аталған деректер тобын мақаламызда ауыз әдебиеті үлгілеріндегі мәліметтермен салыстырмалы түрде көрсету назарға алынды. Мысалы, ауыз әдебиетінде есімдері сақталған арғын Қарақожа би, алшын Алау батыр, алшын Аңғысын, қият Исатай, салджуит Алатай, қоңырат Бек би, үйсін Иса би және т.б. тарихи тұлғалар мен бүгінгі қазақ халқының құрамында кездесетін ру-тайпалар туралы мәліметтерді ауызша тарих айту дәстүрінің үлгісінде жазылған ортағасырлық «Шыңғыс-наме» (Өтеміс қажы, 2005), «Жылнамалар жинағы» (Қадырғали, 1997), «Дафтар-и Чингис-наме» (Мустакимов, 2009) «Түрік шежіресі» (Әбілғазы, 1992), «Едіге» жырының нұсқалары (Бабалар сөзі, 2009) негізінде талданды.

### Талқылау

Алтын Орданың этникалық тарихының бірқатар мәселелері кеңесік кезеңдегі зерттеулерде көрініс берді. Солардың ішінде ең алдымен Г.А. Федоров-Давыдовтың еңбектерін атап өтуге тиіспіз. Зерттеуші XIII ғасырда этникалық үдерістердің басты ерекшелігі ретінде Алтын Орда мемлекетінің құрылуымен түркі тайпаларының бір-бірімен тығыз араласуын атап өтеді. Нәтижесінде XV Дешті Қыпшақ тайпаларының жаңа этникалық негізі қалыптасып бітті деген тұжырым жасады (Федоров-Давыдов, 1966: 248). Р.Г. Кузеев өз зерттеулерінде орта Еділ бойы мен Оңтүстік Орал аумағындағы этногенетикалық үдерістерді талдады (Кузеев, 1992). Сондай-ақ зерттеушінің башқұрттардың шығу тегі мен орналасуына арналған еңбегінің аталған зерттеу тақырыбы үшін тарихнамалық мәні зор (Кузеев, 1974). Қарастырылып отырған мәселеге қатысты тың тұжырымдар, атап айтқанда «92 баулы өзбек» тайпаларының құрамы мен оларды талдау бойынша Т.С. Сұлтановтың (Султанов, 1982) зерттеулері маңызды орын алады. Шибанидтер мен ноғай этносоғасы қауымдастықтары туралы В.В. Трепавлов (Трепавлов, 2002), А.А. Семеновтің еңбектерін атап өтуге болады (Семенов, 1954). Қазақ халқының қалыптасу үдерісінің Алтын Орда кезеңіндегі дамуы, өзіндік ерекшеліктері З. Қинаятұлының (Қинаятұлы, 2004) зерттеулері мен «Қазақ қазақ ру-тайпаларының тарихы» жобасы аясында жарық көрген еңбектерімізде біршама қарастырылған (Қазақ ру-тайпаларының тарихы, 2005). Нәтижесінде мәселені одан әрі тереңірек қарастыру жалғасты (Ноғайбаева, 2020). Соңғы жылдары Алтын Ордадағы этникалық үдерістердің сипатын зерттеуде татарстандық ғалымдар жалпы татарлық идентификация туралы пікірді алға тартуда (Iskakov, 2017; Izmailov, 2022). Дегенмен, Алтын Ордадағы этникалық үдерістер арнайы зерттеулердің нысаны ретінде жан-жақты қарастырылды деуге әлі ерте.

### Нәтижелер

XIII–XV ғасырларда Алтын Орданың қалыптасуына, күшеюі мен гүлденуіне, нығаюына өз үлестерін қосқан үлкенді-кішілі, ірілі-ұсақты түркі тілдес тайпалар империяның күйреуі мен ыдырауы барысында тағдыр тәлкегімен әр ұлыстар мен аймақтарда шашырай қалып қояды. Олар жаңадан құрыла бастаған этносоғасы құрылымдардың тарихына белсене араласып, сол жерлердегі этностардың құрамына енеді де, солардың маңызды бір бөлігіне айналады. Оның дәлелі ретінде қазіргі кездегі қазақ халқының негізі болып саналатын қыпшақ, арғын, найман, қоңырат, керей, жалайыр сияқты ірі тайпалар мен Алшын, Үйсін, Жетіру тайпалық бірлестіктеріндегі тайпаларды бауырлас өзбек, қарақалпақ, башқұрт, татар, ноғай, халықтарының этникалық құрамында кездесуін айтуға болады. Әрине, жаңа ғана аталып өткен халықтардың этногенезі ежелгі замандардан бастау алатыны тарих ғылымында дәлелденген нәрсе.



Біз атап өткен және тағы басқа көптеген аталмай қалған ру-тайпалар қазақ халқы мен оған туысқан халықтардың XIII–XV ғасырлардағы этнопроцесінде, яғни Алтын Орда дәуірінде ерекше орын алады. Сол себепті де Алтын Орда дәуірін түркі халықтарының қалыптасуы мен шығу-тегі тарихында жеке бір этникалық процесс кезеңі деп қарастыруға болады.

Этникалық процестер нәтижесінде XV ғасырда пайда бола бастаған этнобірлестіктермен өзара араласып кетті. Саяси құрылымының, тіл мен мәдениеттің, діни және рухани өмірдің ортақ болуы түркі тілдес тайпаларды бір-біріне өте жақын етеді. Мүмкін Алтын Орда әлі де бірнеше ғасыр өмір сүргенде, оның құрамындағы ұлыстар мен тайпалар біртұтас этнос ретінде қалыптасар ма еді? Алтын Орданың ыдырауы және оның аумағында Қырым, Қазан, Сібір, Астрахан хандықтары мен Ноғай Ордасының құрылуы ру-тайпалар тарихында бір кезеңнің аяқталып, екінші жаңа бір кезеңнің басталғандығын көрсетеді. Міне, сол себепті де XV ғасыр – түркі тілдес тайпалар тарихында олардың бір-бірімен ажырау, бөліну ғасыры және жеке халық, дербес ұлт болып қалыптасуда бірігудің басталған ғасыры болды деп санаймыз.

Бүгінгі қазақ халқының негізін қалап отырған ру-тайпалар Алтын Орда дәуіріндегі этникалық процестерге қатынасын, оның жекелеген бөлімдері мен рулары қазақ халқына туыс, бауыр түркі халықтарының құрамына еніп кетеді. Біз бұны башқұрт халқының тарихынан анық көре аламыз. Башқұрт халқының шығу-тегін жан-жақты зерттеген көрнекті башқұрт тарихшысы Р.Г. Кузеевтің көрсетуінше XVIII ғасырда бүкіл башқұрттардың құрамында қазіргі қазақ ру-тайпаларының көптеген бөлімдері бар. Солардың ірі ретінде башқұрттардың төрттен бірін табын тайпасы құрап отырғанын атап өтуге болады (Кузеев, 1974: 248).

Жалпы этникалық процестердің барысына ру-тайпалар өміріне қатысты барлық факторлар әсер етеді. Солардың ішінде саяси құрылымдар мен саяси дамулардың атқаратын рөлі ерекше. Сондықтан да зерттеу барысында, XV ғасырдағы Дешті Қыпшақтағы этникалық үдерістерге әсер еткен көптеген факторларды бір-бірімен байланыстыра қарастырылды.

XIII ғасырдың бірінші жартысында Жошы Ұлысының негізінде құрылған Алтын Орда империясы сол ғасырдың екінші жартысында қалыптасу кезеңін басынан өткереді. Алтын Орданың гүлденуі мен дамуының шарықтау шегі XIV ғасырдың бірінші жартысында Өзбек, Жәнібек хандар тұсына сәйкес келеді. Дегенмен, осы кезеңде империяның ыдырауының ішкі себептерін туғызған факторларға да жол беріле бастайды. Бұл факторлар әр түрлі ағымдар мен тенденциялардан қалыптасты. Ал олардың өздері бірте-бірте Алтын Орданың қоғамдық өмірінде XIII ғасырдың екінші жартысында-ақ орын ала бастаған болатын.

XIII ғасырдың 60-шы жылдарына дейін, яғни Алтын Орда Монғол империясының құрамында тұрғанда, Монғол хандарының жаулап алған халықтарға қатысты ішкі саясатында жергілікті халықпен араласпау, олардың діні мен дәстүрлерін, шаруашылығын елемеу және бағынышты халықтарды талан-таражға салу сияқты бағыттар үстем болады. Дегенмен де Монғол билеушілері арасында бұған қарсы бағыттар да болды. Олар керісінше, бағынышты халықтармен жақындасу, олардың діні мен дәстүрін, шаруашылығын ескеру, мемлекеттің қазынасын талан-тараждар арқылы емес, тұрақты салық жүйесін енгізу арқылы қамтамасыз ету сияқты көзқарастар мен ұстанымдар еді. XIII ғасырдың 60-шы жылдарында Алтын Орда ыдыраған Монғол империясынан бөлектеніп, жеке өмір сүре бастағанда, Алтын Орда билеушілері арасында екінші бағыт үстемдікке жетеді.

Екінші бағыттың үстемдікке жетуі Алтын Орданың гүлденуіне жол ашып, жергілікті тайпалар өкілдері мемлекеттің әр түрлі деңгейі мен салаларындағы қызметтерге тартылады. Мемлекеттің жоғары деңгейіндегілер, монғол ақсүйектерінің өздері бірте-бірте түркілене немесе қыпшақтана бастайды. Бұл үдерісті ислам дінінің XIV ғасырдың бірінші ширегінде мемлекеттің ресми дініне айналып, рухани өмірдің факторы болғандығы да тереңдете түсті. Бұл көрсетілген тенденциялар тек Алтын Ордада ғана емес, сонымен бірге Құбылай ұрпақтары билеген Қытайда, Құлағу ұрпақтары билеген Иранда, Шағатай ұрпақтары билеген Мауереннахрда да байқалды. XIV ғасырдың ортасына таман Қытай мен Иранда билікке жергілікті этностарға арқа сүйеген жаңа әулеттер келді, ру-тайпа билеушілерінің яғни жергілікті түркі-моңғолдық элитаның қоғамдық-саяси өмірдегі рөлі арта түсті. Мәселен, Ж. Сабитов Өзбек және Жәнібек хандар тұсындағы Алтын Орда әмірлерінің иерархиясын талдай келе, Өзбек хан тұсында мемлекеттегі басты рөлді қият және қоңырат тайпалары иеленсе, Жәнібек тұсында басты әмірлер қыпшақ

және найман тайпаларының өкілдері болғанын тұжырымдаған. Сондай-ақ, автор қият, қоңырат, қырқ, қыпшақ, сыжуыт, салжуыт, үйсін, найман, сарай, қаңлы, барын, алшын, маңғыт, жалайыр мен тамалар ең ықпалды ру-тайпалық кландарды құрағанын атап өтеді (Сабитов, 2014). Осы кезде Мауереннахрда барлас тайпасының әмірі Ақсақ Темір жеке-дара билікті иеленсе, Алтын Ордада 1359 жылы Бердібек ханның өлтірілуімен Батый әулеті өмір сүруін тоқтатады, яғни Әбілғазы Баһадүр ханның сөзімен айтсақ, «Нар мойыны Бердібекте кесіледі» (Әбілғазы, 1992: 117). 1360–1980 жылдар Алтын Орда тарихында «дүрбелең жылдар» деген атаумен қалғаны белгілі. Міне, осы жылдары империя тағына Жошының Орда Ежен, Шайбан және Тұқай Темір атты ұлдарынан тараған ұрпақтар таласып, күрес жүргізеді. Осы күрестерде хан тағына үміткерлер негізінен алғанда жергілікті ру-тайпа әмірлеріне арқа сүйеді. Осылайша, XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап Алтын Орда тарихында ыдырау процесі белең ала бастайды. Бұл жерде империяның ыдырауындағы сыртқы факторлардың ролін жоққа шығарылмайды. Алтын Орданың Тоқтамыс хан тұсында Ақсақ Темір бастаған Мауереннахр әскерлерінің бірнеше жорықтары салдарынан ауыр күйге ұшырағаны белгілі. Ішкі себептердің біріне тақ үшін үздіксіз жүргізілген күрестер жатса, келесі бір маңызды себептердің біріне империяның жекелеген аймақтарында өмір сүрген тайпа әмірлерінің де осы саяси күрестерге белсене араласуы жатты. Алтын Ордадағы осы кезеңде болған оқиғаларды баяндайтын шығармалардың бірі – «Шыңғыс-намеде» қият тайпасының әмірлері Мамай мен Теңіз Бұғаның мысалын келтіруге болады. Өтеміс қажы Бердібек хан туралы айта келе «Оның заманында аласапыран көп болды. Қият Мамай оң қанатты алып алды да, тайпаларымен Қырымға кетті; [ал] сол қанатты Қият Жыр Құтлының баласы Теңіз Бұға Сыр өзенінің бойына алып кетті. [Бердібек] хан өзінің ішкі [адамдарымен] Сарайда қалды» деп жазды (Өтеміс қажы, 2005: 182). XIV ғасырдың 40–70 жылдары Алтын Ордада қият тайпасы әмірлерінің саяси ықпалының күшті болғанын көреміз. Ал одан кейінгі жылдары мемлекетте қоңырат және барин тайпасы әмірлерінің ықпалы үстем болса, Алтын Орда тарихында Едігенің күшеюімен маңғыт тайпасының ролі айқын байқалады (Трепавлов, 2002: 65, 85).

Алтын Орданың ыдырауына байланысты XV ғасырда Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында қалыптасқан этникалық жағдайдың өзіндік ерекшеліктері болы. Империяның тұсында «қыпшақтар» деген жалпы атаумен аталған Алтын Орда тайпалары саяси құрылымның жойылуына байланысты ортақ этнонимінің шеңберінен шығып, жаңадан пайда болған этносаяси құрылымдардың атауларымен атала бастайды.

XIV–XV ғасырдың алғашқы жартысында бұл этносаяси қауымдастықтар деректерде «өзбектер», «92 баулы өзбек тайпалары», «шибанидтер», «ноғайлар», «моғолдар» деген атпен белгілі болды. Ауыз әдебиеті үлгілерінде «ноғай», «қыпшақ» деген атаулармен қатар «Отыз екі баулы өзбек», «Тоқсан екі баулы қыпшақ» атты сөз тіркестері кездеседі (Потанин, 1917: 56, 64.).

XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап Еділ мен Ертіс өзендерінің аралығындағы Алтын Орданың сол қанаты Ақ Орда тұрғындарының атауы ретінде «өзбек» атауы қолданыла бастайды. XV ғасырдың 20-шы жылдарында бұрынырақта Алтын Орда иелігіне кіріп, бірақ оның әлсіреу кезеңінде одан біраз уақыт дербес мемлекет ретінде өмір сүрген Ақ Орда мемлекетінің далалық аумақтарында жаңа әулет саяси билікке келеді. Атап айтар болсақ Жошының үлкен ұлы Орда Ежен ұрпақтары билеген Ақ Орда мемлекетінде 1428 жылы ұзақ саяси күрестен кейін Жошының тағы бір баласы Шибаннан тарайтын Әбілхайыр билікті иеленеді. Бұл оқиға туралы ортағасырлық авторлар былай деп жазды: «Жәнібек хан (өмірінің) аяқталу мезгілінің ең шегі болған хижра бойынша 758 жылдың (1356–1357 жж.) басынан Шайбан ұрпақтары шығуының басы болған хижра бойынша 835 жылдың (1431–1432 жж.) ортасына дейін Дешті Қыпшақ мемлекетінің тағы ақылды падишах пен жігерлі билеушісіз қалды, сол себепті дін мен мемлекет істерінің құрылысында жүгенсіздік пайда болды, сол аумақтағы қоғамды (байланыстырушы) арқау үзілді, сөйтіп бірлік жойылды» (Материалы по истории казахских ханств, 1969: 346). Міне Алтын Орда мемлекетінің әлсіреуі мен ыдырауына байланысты орын алған осындай тұрақсыз заманда Жайықта және оның батысына қарайғы аумақты иеленген Ноғай Ордасы дербестеліп, нығая түссе, Жайықтың шығыс жағында Ырғыз, Елек, Торғай, Сарысу бойында, Тобыл мен Еділдің жоғарғы ағысында Шибан ұрпақтары, Сарысу, Жем аралығы мен Арал өңірінде Жұмадық хан, Тобыл мен Есілдің оң жақ саласы Атбасар аралығында Махмуд кожа хан және т.б. күшейеді (Ахмедов, 1965: 43–48; 51–52).

Жошы қайтыс болғаннан кейін атасы Шыңғысханның таңдауымен тақты иеленген Батый басқа аға-інілеріне үлес бөліп берген (Әбілғазы, 1992: 113). Зерттеуші З.Қинаятұлы осы мәліметке сүйене отырып Шибан әулеті еншіні атадан (Шыңғыс хан немесе Жошы) емес, ағасы Батый ханнан алғанын атап өтеді (Қинаятұлы, 2004: 217).

Әбілғазы Баһадүр ханның хабарлауынша осы кезде Шибанға Орда Ежен мен Батый иелігінің арасындағы жер тиген. Сондықтан ол жазда Ырғыз, Ор, Елек бойында, яғни Жайық пен Орал тауларынан шығысқа қарайғы аймақта көшіп-қонып жүрсе, қысты Сырдария жағалауы, Қарақұм, Шу мен Сарысу бойында өткізген (Әбілғазы, 1992: 120). Міне, осы аралықты мекендеген негізгі халық уақыт өте келе дерек беттерінде «шибанидтер» деп аталып, яғни Шибан ұлысының тұрғындары деген мағынада қолданылған.

«Шибанидтер» деп аталған этносаяси қауымдастықтың ру-тайпалық құрамы туралы деректер біршама мәліметтер береді. Олар Шибан ұлысының халқы ретінде белгілі. Ақ Орда билеушісі Орда Ежен інілері Удур, Тука-Тимур, Шингкур, Сингкуммен Жошы ұлысының сол қанатын немесе мемлекеттің шығыс және оңтүстік-шығыс бөлігіндегі жерлерді иеленген (Тизенгаузен, 1941: 41–42). Сондай-ақ сол қанатқа Жошының бесінші ұлы Шибанның да ұлысы кірген (Федоров-Давыдов, 1973: 62).

Ортағасырлық «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар» шығармасының авторы Махмуд бен Эмир Вали немесе Махмуд бен Уәли де Бату ханның жеті жылдық жорығына қатысып, ерекше көзге түскен Шибанға ағасының төрт омақ елді сыйлық ретінде бергенін жазған (Материалы по истории казахских ханств, 1969: 347). Бұл төрт омақты құраған тайпалар туралы Әбілғазы баһадүр хан: «Інісі Шибан ханға он бес мың үйлік ел берді. Ағасының орнында отырған кіші ағасы ол сапарда алған олжа елдерден Кәселді Сайын ханға берді, тағы да байырғы елдерден құсшы, найман, қарлық, бүйрек деген төрт рулы елді берді, - деп жазған (Әбілғазы, 1992: 118). Г.А. Федоров-Давыдов әскери бірлікке, яғни белгілі көшпелі ұлысқа бекітілу өте қатал болды, әрі Ясса белгілі бір бөлімнен екіншісіне өз еркімен өтуге қатаң тиым салды деп атап көрсетеді Сондықтан осы кезеңдегі ұлыс дегеніміз – (түмендер мен мыңдықтар) тек бір ру-тайпаның ғана емес, олардың әртүрлі бөліктерінен құралған конгломерат түрінде болған (Федоров-Давыдов, 1973: 50).

Бірақ біраз уақыт өте келе, Ясса ережелері әлсіреп, саяси даму ағымына байланысты этникалық процестерге өз әсерін тигізген оқиғалар тізбегі орын алады. Бұл туралы зерттеуші А.А. Семенов Шибан ұлысының этникалық тұрғыдан тұрақты біртектілікті әрдайым сақтай бермегенін атап көрсетеді. Зерттеуші Алтын Ордадағы «дүрбелең», сондай-ақ XIV ғасырдың екінші жартысынан бастап Ақ Ордада басталған саяси тұрақсыздық түркі-моңғол тайпаларының тайпа-тайпа болып, ауыл ауылдарымен өз көші-қон аймақтарын тастап Сарайдан оңтүстік-батыс немесе шығысқа, Ақ Ордадан солтүстік және солтүстік-шығысқа қарай қоныс аударуын туғызды, - деп жазады (Семенов, 1954: 8). Автордың бұл тұжырымын жалпы сол замандағы этникалық процестерге әсер еткен ортақ себеп деп қарастыруға болады.

Көптеген зерттеушілер шибанидтерді құраған ру-тайпаларды Масуд ибн Осман Кухистанидың мәліметтеріне сүйене отырып, 1428 жылы билікке келген шибанилық сұлтан Әбілқайырды хан тағына отырғызған және де оны кейінгі жылдары қолдаған: қият, маңғыт, қаанбайлы (байлы), чинбай, қоңырат, тангут, иджан, дурман, кушчи, утарчи, найман, украш-найман, тубай, таймас, джат, китай, барак, уйгур, карлук, кенегес, уйшун, курлаут, имчи (ички), туман, минг, буркут, нукуз, шадбаклы, шункарлы, ойрат, мажар және кипчактар деп көрсеткен (Семенов, 1954: 24; Ахмедов, 1965: 6). Бұл тайпалардың жалпы саны – 32. Бұлардың ішіндегі қият, маңғыт, қоңырат, дурман, найман, қытай, ұйғыр, кенегес, уйшун, ички, минг, нукуз, кипчак атаулары А. Вамбери еңбегінде берілген «32 баулы өзбек» тайпаларының атауларымен сәйкес келеді (Вамбери, 1865: 171).

Әбілхайыр өз қоластына Сібірден Сырдарияға дейінгі ұланғайыр аумақты біріктірді. Жаңа құрылған мемлекет «көшпелі өзбектер хандығы» немесе «Әбілхайыр хандығы» деп те аталды. Бұл мемлекеттің этникалық негізін Дешті Қыпшақтың байырғы түркі тілдес тайпалары мен XIII–XIV ғасырларда түріктенген немесе қыпшақтанған моңғол тайпалары құрады.

Көріп отырғанымыздай, Алтын Орда ыдыраған соң Шығыс Дешті Қыпшақтың негізгі халқы, яғни кейін қазақ халқының негізін қалаған ру-тайпалар тарихы саяси аренада «Көшпелі өзбектер» немесе «Әбілхайыр хандығы» деген атаумен белгілі болған мемлекет тарихымен тығыз байланыста болды.



XIV ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап, «өзбек» сөзі этникалық мән ретінде, яғни бір елдің халқының атауы ретінде қолданыла бастайды. 1418 жылы қайтыс болған араб тарихшысы ал-Калкашинди Тоқтамыс ханды өзбек елінің билеушісі деп атайды (Тизенгаузен, 1884: 414). Низам ад-Дин Шами «Зафар нама» атты кітабында Ақ Орда ханы Ұрыс ханды – өзбек ханы деп жазады және 1390 жылы Ақсақ Темірдің әмірлері Мауереннахр билеушісін Тоқтамыс ханға қарсы соғысуға үгіттей келе, Ақ Орданы «дийар-и узбек» - өзбектер елі деп атағандығын баяндайды (Тизенгаузен, 1941: 112).

Жоғарыда келтірілген дерек мәліметтері XIV ғасырдың 70–80-ші жылдарынан бастап Дешті Қыпшақ тайпаларының жиынтық атауы ретінде – өзбек терминінің қолданыла бастағандығын көрсетеді. Ақ Орданың XIV ғ. екінші жартысы мен XV ғ. бірінші ширегінде шығысы Ертістен, батысы Еділге дейінгі, оңтүстігі Сырдариядан, солтүстігі Тобылдың орта ағысы бойына дейінгі аумағындағы барлық тайпаларын ортақ атаумен – өзбектер деп, ал далалық аймақтардағы бөлігін – «көшпелі өзбектер» деп атау орын алды. Өзбек этносаяси қауымдастығының ерекшелігі мен олардың ішкі бөліністі туралы ортағасырлық автор ибн Рузбихан өзбектерге үш тайпа жатады, дей келе қазіргі таңда олардың бірі – шибанидтер, екіншілері әлемде күші мен ержүректілігімен танымал қазақтар, үшіншісі – маңғыттар деп жазған (Рузбихан, 1976: 62).

«Көшпелі өзбектер» құрамына Шығыс Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүрген тоқсан екі тайпаның енгендігі жазба дерек мәліметтерінен белгілі. XVI–XIX ғасырлар аралығында жазылған бірнеше шығыстың жазба деректерінде 92 «көшпелі өзбек» тайпаларының атаулары олардың әр кезеңдердегі алған рөлі мен маңызына, қуаты мен жағдайына қарай орналасқан.

XIV ғасырдың 50–60-шы жылдарынан бастап Ақ Орда аумағын, яғни Шығыс Дешті Қыпшақты мекендеген тайпалар көбінесе «өзбектер» деген атаумен белгілі бола бастайды. Тарихи зерттеулерде XIV–XV ғасырлардағы «өзбек» атауы этноним ретінде емес, негізінен Шығыс Дешті Қыпшақтың жергілікті түркі және түркіленген моңғол тайпаларының жалпы, саяси жиынтық атауы ретінде қолданылғаны мойындалған. Сондықтан XIV–XV ғасырдың алғашқы жартысындағы Дешті Қыпшақ халқының негізін қалаған ру-тайпалар «92 баулы өзбек тайпалары» ретінде белгілі. 92 санын құраған ру-тайпалардың нақты тізімі ортағасырлық дерек «Маджму ат-таварих» (Ферғанада XVI ғасырда Мулла Сайф ад-Дин б. Дамулла Шах Аббас Ахсикенти бастап жазып, екінші бөлімін оның ұлы – Нұр (Наурыз) Мұхаммед аяқтаған) еңбегінде берілген. Бұл «92 баулы өзбек тайпаларының» тізімі туралы мәлімет беретін ең көне нұсқа. XIX ғасырдың екінші жартысында Қоқан хандығында жазылған «Тухфат ат-тауарих-и хани», XIX ғасырдың екінші жартысында белгісіз автор жазып қалдырған, Өзбекстан Республикасының ҒА Шығыс қолжазбалары жинағында сақталған тізім және XIX ғасырда А.Хорошкин жариялаған нұсқада сақталған. Міне, осы деректердің мәліметтерін жан-жақты талдап, ғылыми айналымға енгізген зерттеуші Т.И. Сұлтанов «92 өзбек тайпаларының» нақты тізімін беріп, оларды бірнеше белгілеріне сәйкес талдаған (Сұлтанов, 1982: 26–51). Бұл ру-тайпалардың ішінде жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ, қаңлы, маңғыт, табын, тама, рамадан, үйсін, телеу, кердері, шеркес, керей, оймауыт, қырк, керейіт, жалайырлар қазақ халқының ру-тайпалық құрамында кездеседі (Сұлтанов, 1982: 38).

Қазақ шежіресі бойынша Кіші жүз құрамындағы алты ата Әлім мен он екі ата Байұлы «Алшын» деген отақ атаумен кездеседі. Жетіру бірлестігіне кірген және Орта жүзді құраған тайпалар жеке-жеке аталады. Ұлы жүз құрамындағы қазақ шежіресі бойынша Бәйдібек бабадан тарайтын ру-тайпалар (қаңлы мен жалайырдан басқа) ортақ «Үйсін» деген атаумен берілген.

Ал, жалайыр тайпасы туралы Қадырғали Жалайыри: «Ұрыс ханның оңы (маймене) мен солы (майсара) мынадай... Майсара Алаш мыңы болды, ол үш сан еді. Қатаған қауымының өз араларында осы заманға дейін үлкендері белгілі. Ал Алаш мыңы арасында үлкені тарақ тамғалы жалайыр болады. Шыңғыс хан заманынан бері бір мәртебеден (ұлықтық) Тебре бекке тиді. Одан Шайх Софы бекке тиді, одан Итбаға бекке тиді. Одан Қараш бекке тиді. Алаш мыңының ағасы болып келген осылар еді. Олар Өзбекия арасында мәлім, мәшһүр», - деп жазды (Қадырғали, 1997: 126). Бұл дәстүр халқымыздың слат-санасында бүгінге дейін сақталып келеді. Бұл туралы Н.И. Гродеков: «Жалайыр қазіргі кезде Ұлы жүздің үлкені. Тойларда, табақ тартқанда бірінші болып табақ тарту үшін нөқта ағасы жалайыр бар ма деп сұрайды, үйлену тойларында жалайырлар бірінші болып ән бастайтындығы» туралы мәлімет қалдырған (Гродеков, 1889: 7). Бұл ру-тайпалардың алғашқы тоғызы – қазақ халқының негізгі ұйтқысы, өзегі болған тайпалар және тайпалық бірлестіктер.

Бұлардың ішінде үйсін, қаңлы тайпалары біздің жыл санауымызға дейінгі III ғасырдан бері сак тайпаларының тікелей мұрагері ретінде Қазақстан аумағындағы тарихи оқиғаларға қатысып, жазба деректерде белгілі. Алшын, Қыпшақ және Арғын тайпалары да түркі дәуірінен бері Қазақстанның негізгі тайпалары болып, осы аймақтағы этникалық процестерге өз ықпалын тигізген тайпалар. Ал жалайыр, қоңырат, найман, керейлердің қазақ жеріне ат басын тіреп, халықтық процеске енуі XIII ғасырдағы монғолдар жаулап алушылығына байланысты болғандығы баршаға мәлім. XIII–XV ғасырлардағы этникалық процестерде алдыңғы тайпалар мен бұл тайпалар етене араласып, біте қайнасып кетеді. Ортақ тіл, ортақ дін, ортақ мәдениет, ортақ шаруашылық түрі, ортақ территория және ортақ саяси құрылымдар бұл тайпаларды «қыпшақ», «ноғай» және көшпелі «өзбектер» деп жалпылама аталатын этникалық топтарға біріктіреді. Сөйтіп, XIII ғасыр басында Қазақстан аумағына келген тайпалар да қазақ халқының қалыптасуында негізгі рөл атқарады.

Қазақ халқының қалыптасуына үлестерін қосқан кестедегі келесі тайпалар саны сегіз. Олардың ішінде – меркіт пен қоралас тайпалары да XIII ғасыр басында Қазақстан аумағына шығыстан қоныс аударғандар.

Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошының 1216 жылы Орталық Қазақстан жеріне көшіп келген меркіттерді қырғынға ұшыратқаны белгілі (Рашид ад-Дин, 1952: 177–1780). Өз заманында күшті тайпалардың бірі болып, Шыңғыс ханға қарсы тұрған меркіттер осы қырғыннан кейін, өзінің ықпалынан айрылады. Кейінгі ғасырларда меркіт тайпасы керейлер арасында кеңінен кездеседі (Арғынбаев, 2000: 357). Ал Қоралас тайпасының атауы XVI ғасырда және XVI ғасырдың екінші жартысы мен XVII ғасырдың басында жазылған «Маджму ат-тауарих» пен «Насаб наме-йи узбек» атты деректерде ғана айтылады. Ноғай ру-тайпалық бірлестігіндегі тайпалар қатарында Қоралас атауы кездеспейді. Соған қарағанда, қоралас тайпасы негізінен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан өңірлерінде мекендеген де, Ұлы жүздегі дулат тайпасының құрамына енген. Зерттеуде назарды ерекше аударып отырған тайпаларға тама, табын, керейт, кердері, рамадан және телеулер жатады.

Өзбек этносаяси қауымдастығын құраған тайпалардың ибн Рузбихан қазақтар деп атаған бөлігін зерттеуші Б. Кәрібаев «ордаежендік тайпалар» немесе «ордаежендіктер» деп атауды ұсынды. Оларға жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ керей, уақ тайпаларын жатқызады (Кәрібаев, 2014: 265).

Ал, келесі ноғай этносаяси қауымдастыған келер болсақ, ноғайлар немесе маңғыттар негізінен Ноғай ордасының жұртын құрады. Ноғай Ордасы негізінен Еділ мен Жайық арасындағы кең-байтақ аумақты алып жатты. Олар шығысында Жайықтың сол жағалауы бойында көшіп жүрді. Ноғайлардың көші-қон аумағы солтүстік-шығысында Батыс Сібір ойпатына дейін, солтүстік-батысында Қазанға, оңтүстік батысында Арал өңірі мен Каспий аймағының солтүстігіне дейін жететін, ал кейде олар Маңғыстау мен Хорезмге барып жүретін (Трепавлов, 2002: 457–483).

Ноғай Ордасының негізгі халқын ноғай этносаяси қауымдастығы құрады. А.Исин XVI ғасырдың алғашқы 30-шы жылдарынан бастап XVII ғасырдағы Ноғай Ордасының ру-тайпалық құрамын былайша береді: алшын, ас, байұлы, бүркіт, борлық, елайыр (жалайыр), чубалачы, дуван, йуз, қаңлы, керейт, кенегес, каурат (қоңырат), қыпшақ, қият, қырк, кашлық, маңғыт, мың, найман, нюкюс, тама, темирхозя, тогунчи, тойтебен, оймауыт (Исин, 2004: 21–22). А.Б. Кочекаев та орыс тіліндегі құжаттарда сақталған мәліметтерге сүйене отырып, XVI ғасырдағы Ноғай Ордасы халқының құрамына кірген он сегіз тайпаны атап көрсетеді. Бұл тайпаларды нақты көрсетсек: маңғыт, найман, қоңырат, китай, қыпшақ, қият, тангучин, колчин, алшын, гублас, канлык, керейт, байчур, тайджут, боргамсы, туркмен, аса, кенегес болып шығады (Кочекаев, 1988: 26).

В.В. Трепавлов ноғайлар мен Астрахан воеводаларының Ресей елшілігімен арадағы жазбаларындағы мәліметтерді талдай келе, Ноғай Ордасының негізгі халқын құраған алпыс алты ел мен жанама мәліметтер бойынша тағы төртеуін анықтаған (Трепавлов, 2002: 499–504). Мұндағы «ел» деп отырғанымыз (ортағасырлық деректерде «иль») бір тайпа кланының бірлестігі.

В.В.Трепавлов аталған негізгі 70 ру-тайпалардың бөлімдерімен қоса есептегенде XVI–XVII ғасырлардағы ноғайларды құраған 139 ру-тайпа тармақтарының атауларын келтірген (Трепавлов, 2002: 490). Ноғайлардың ішінде сақталған аңыз-әңгімелер мен дерек мәліметтері де мұны нақтылай түседі. Зерттеуші бұл жағдай XVI ғасырға тән деп көрсетеді. Ал, XVII ғасыр басында Үлкен Ноғай биінің

карамағындағы халықтың ру-тайпалық құрамы борлақ, қыпшақ, хитай, қоңырат, минг, найман, түрікмен тайпаларынан құралған (Трепавлов, 2002: 490).

Ноғай Ордасы мен Қазақ хандығы халықтарының ру-тайпалық құрамына талдау жасай келе А. Исин: «XIV ғасырдың екінші жартысы XVI ғасырларда Дешті Қыпшақтың экономикалық және саяси өміріндегі Алтын Орданың құлауы мен таза дербес мемлекеттер мен этносаяси қауымдастықтардың құрылуына әкеліп соққан ірі өзгерістер негізінде ноғай, қазақ, қарақалпақ, башқұрт халықтарының қалыптасуы аяқталады. Бұлардың ру-тайпалық құрылымымен, сондай-ақ «көшпелі өзбектердің» құрылымында, Мәуереннахрдағы этникалық процестерде көптеген этнонимикалық параллелдер кездеседі, бұл олардың этникалық субстратының ортақтығын көрсетеді», - деп жазды (Исин, 2004: 20). Автор найман, үйсін, қаңлы тайпалары негізінен қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұрт халықтарының құрамында кездессе, алшындар, арғындар, жалайырлар, меркіттер, тамалар мен үйсіндердің негізгі тобы қазақ халқының құрамында екендігіне назар аударды (Исин, 2004: 21).

### **Қорытынды**

Бірнеше ғасыр бойы шығысында Ертіс өзенінен батысында Дунай өзеніне дейінгі орасан зор аймақты саяси жағынан да, этникалық жағынан да біріктірген Алтын Орда сияқты алып империяның XV ғасырда ыдырай бастауы империя құрамында өмір сүрген халықтар мен ұлыстардың, рулар мен тайпалардың этносаяси тарихы үшін белесті кезең болып саналады. Мемлекеттің этникалық негізін құраған түркі тілдес халықтар жалпылама атаумен «қыпшақтар» деп аталынып келсе, XV ғасырдан бастап империя аумағында жаңа этносаяси бірлестіктердің пайда болуына байланысты қыпшақ этнонимі де бірнеше этнонимдерге бөлінеді. Алтын Орда дәуірінде жүрген этникалық процестер XV ғасырда жекелеген аймақтарда тұрақтанады да, қазіргі күндерге дейін өмір сүріп отырған ұлттардың қалыптасуына негіз жасайды. Осылайша жазба деректерде жалпы қыпшақ атауымен берілген ру-тайпалар Алтын Орда мемлекетінің орнында пайда болған ұлыстар мен мемлекеттер құрамына кірді. Сондықтан, көптеген қазақ ру-тайпаларының қазіргі башқұрт, ноғай, қарақалпақ, қырғыз, өзбек және т.б. құрамында кездесуі бұл халықтардың этникалық шығу тегінің ортақтығын көрсетеді. Сондай-ақ, аталған қазақ ру-тайпаларының келесі бір тобы түбі бір туыс түркі халықтарының құрамына олардың халық болып қалыптасу процесі аяқталар тұста ғана қосылды. Бұған сол замандарда орын алған саяси оқиғалар әсер етті. Кейінгі ортағасырлар кезеңіндегі өзге түркі халықтарының құрамында кездесетін ру-тайпалар мен қазақ ру-тайпаларын шатастыруға да болмайды. Себебі бұл кезеңде башқұрт, өзбек, қарақалпақ және т.б. түркі халықтарының халық болып қалыптасу процесі аяқталды. Сондықтан осы халықтардың негізін құраған ру-тайпалар өздерін тұтас бір халықтың бөлшегі ретінде таныды. Мәселен, қазақтың құрамындағы табындар өздерін алдымен қазақпын деп санаса, башқұрттар құрамындағы табындар да алдымен өздерін башқұртпын деп санады. Осы айтылған жайтты нақты қазақ-башқұрт жағдайында алып қарасақ, башқұрттардың орыс патшалағына бағына бастауының нәтижесінде XVI ғасырдың соңына таман олар мен қазақтардың ара-қатынастарының алшақтай түсуіне ықпал етті. Осылайша бір кездері біртұтас Алтын Ораның негізгі халқын құраған ру-тайпалар кейінгі түркі халықтарының негізін қалап, XVII–XVIII ғасырлардан бастап олардың тарихы мен мәдениеті өзіндік жаңа даму жолына түсті.

### **Sources**

МІКН — Materials on the history of the Kazakh khanates of the XV–XVIII centuries. Extracts from Persian and Turkish compositions

МІКК — Materials on the history of Kyrgyz and Kyrgyzstan

### **Дереккөздер**

МИКХ — Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII веков. Извлечения из персидских и тюркских сочинений

МИКК — Материалы по истории киргизов и Киргизии



## References

- Argynbaev, 2000 — *Argynbaev X., Mukanov M., Vostrov V.* Kazakh shejiresi xakynda [About the Kazakh genealogy]. Almaty: Atamura, 2000. 357 p. (In Kaz.)
- Akhmedov, 1965 — *Akhmedov B.A.* Gosudarstvo koshevyyh uzbekov [State of nomadic Uzbeks]. Moscow: Nauka, 1965. 196 p. (In Russ.)
- Abilgazy, 1991 — *Abilgazy Turik shejiresi* [Turkish Chronicle]. Almaty: Mother tongue, 1991. 208 p. (In Kaz)
- Babalar sozi, 2006 — *Babalar sozi* [Grandfather's speech. One hundred volumes]. Vol. 39. Almaty: Foliant, 2006. 448 p. (In Kaz).
- Grodekov, 1889 — *Grodekov N.I.* Kirgizi i karakirgizi Syr-Darinskoi oblasti [Kirghiz and Karakirghiz of the Syr-Darya region. Legal life]. Vol. 1. Tashkent: S.I. Lakhtin typo-litography, 1889. 298 p. (In Russ.)
- Fedorov-Davydov, 1966 — *Fedorov-Davydov G.A., Kochevnik Vostoshnoi Evropy pod vlast'yu zolotoordynskix xanov* [Nomads of Eastern Europe under the rule of the khans of Zolotoordynskikh]. Moscow: Izdatelstvo Moskovskogo universiteta, 1966. 276 p. (In Russ.)
- Fedorov-Davydov, 1973 — *Fedorov-Davydov G.A.* Obshestvennyi stroi Zolotoi Ordy [Social Structure of the Golden Horde]. Moscow: MGU, 1973. Pp. 180. (In Russ.)
- Isin, 2004 — *Isin A.* Kazakhskoe khanstvo i Nogaiskaya Orda vo vtoroi polovine XV–XVI vv. [The Kazakh Khanate and the Nogai Horde in the second half of the 15–16th centuries]. Almaty, 2004. 160 p. (In Russ.)
- Iskhakov, 2017 — *Iskhakov D.M.* The Role of the Turkic-Tatar Constituent People in the Formation of the State-Forming «People» of the Jochid Ulus in the 13<sup>th</sup>–14<sup>th</sup> centuries. *Zolotoordynskoe obozrenie=Golden Horde Review*. 2017. Vol. 5. No. 2. Pp. 290–324. (In Eng.)
- Izmailov, 2022 — *Izmailov I.L.* Tatars of the Jochid Ulus: the formation and development of an ethnopolitical identity in the 13<sup>th</sup>–15<sup>th</sup> centuries. *Zolotoordynskoe obozrenie=Golden Horde Review*. 2022. Vol. 10. No. 4. Pp. 744–757. (In Eng.)
- Kochekaev, 1988 — *Kochekaev A.B.* Nogaisko-rysskie otnosheniya v XV–XVIII vv. [Nogai-Russian relations in the XV–XVIII centuries]. Alma-Ata: Nauka KazSSR, 1988. 272 p. (In Russ.)
- Kuzeev, 1974 — *Kuzeev R.G.* Proisxojdaniye bashkirskogo naroda [The origin of the Bashkir people. Ethnic composition, history of settlement]. Moscow: Nauka, 1974. 576 p. (In Russ.)
- Kuzeev, 1992 — *Kuzeev R.G.* Narody Srednego Pavolzhya i Ujnogo Urala [People of Middle Pavolzhya and Southern Urals. Ethnogenetic view of history]. Moscow: Nauka, 1992. 347 p. (In Russ.)
- Kadyrgali Jalayir, 1997 — *Kadyrgali J.* Shejireler jinagy [Collection of genealogies]. Translated from Chagatai-Kazakh language and written by N. Mingulov, B. Komekov, S. Oteniazov. Almaty: Kazakhstan, 1997. 128 p. (In Kaz)
- Kazakh ry-taipalarynyn tarykhy, 2005 — *Kazakh ry-taipalarynyn tarykhy: Naiman* [History of Kazakh tribes: Naiman]. Book 1. Kazakh khandygynyn kuryly tarikhy [The history of the establishment of the Kazakh Khanate]. Almaty: Sardar, 2014. 520 p. (In Kaz)
- Kinayatuly, 2004 — *Kinayatuly Z.* Kazakh memleketi jane Joshy xan [Kazakh state and Joshi Khan]. Astana: Elorda, 2004. 344 p. (In Kaz)
- Materialy po istorii kazakhskikh khanstv, 1969 — *Materialy po istorii kazakhskikh khanstv XV–XVIII vekov* [Materials on the history of the Kazakh khanates of the XV–XVIII centuries]. Comp.: S.K. Ibrahimov, N.N. Mingulov, V.P. Yudin. Alma-Ata: Nauka, 1969. 652 p. (In Russ.)
- Materialy po istorii Kyrgyzov, 2002 — *Materialy po istorii Kyrgyzov i Kyrgyzii* [Materials on the history of the Kyrgyz and Kyrgyzstan (second edition)]. Ex. ed. V.A. Romodin. Bishkek: KTU Manas, 2002. 315 p. (In Russ.)
- Mustakimov, 2009 — *Mustakimov I.A.* Ob odnom spiske «Daftar-I Shingis-name» [About one list "Daftar-i Chingis-name"]. Medieval Turko-Tatar state. Is. 1. Kazan: Institut Istorii im. Mardjani, 2009. Pp. 122–131. (In Russ.)
- Nogaibaeva, 2020 — *Nogaibaeva M., Karibaev B.* Altyn Ordany etnikalyk tarixyna katysty auyz adebietinin derekterin talday [Analysis of oral literature data related to the ethnic history of the Golden Horde]. *Bulletin of KazNU. History series*. 2016. No. 3. Pp. 11–118. (In Kaz)

Otemis Haji, 2005 — *Otemis Haji*. Shyngys-name [Chinggisname]. Qazaqstan tarihy turaly turki derektemeleri. Vol. 1. Almaty: Dyke Press, 2005. (In Kaz)

Potanin, 1917 — *Potanin G.N.*, Kazakh-kyrgyzskie i altaiskkie predaniya, legendy i skazki [Kazakh-Kyrgyz and Altai stories, legends and fairy tales]. Zhivaya starina. Petrograd: Tipografia V.D. Smirnova, 1917. 312 p. (In Russ.)

Rashid ad-din, 1952 — *Rashid ad-din*. Sbornik letopisei [Collection of chronicles]. Vol. 1. Book 2. Transl. from Pers. O.I. Smirnova. Ed. A.A. Semenov. Moscow-Leningrad: Izdatelstvo AN SSSR, 1952. 316 p. (In Russ.)

Ruzbihan, 1976 — *Fazlallah ibn Ruzbihan Isfakhani*. Mixman-name-ii Buxara [Mikhman-name-yi Bukhara. (Zapiski Bukhara guest)]. Translation, preface and notes by R.P. Jalilova. Ed. A.K. Arends. Moscow: Nauka, 1976. 196 p. (In Russ.)

Sabitov, 2014 — *Sabitov J.* Emiry Uzbek xana I Djanibek xana [Emirs of Uzbek Khan and Janibek Khan]. Golden Horde Review. No. 2(4). 2014. Pp. 120–134. (In Russ.)

Semenov, 1954 — *Semenov A.A.* K voprosy o proisxojdenii i sostave uzbekov Sheibani-xana [Questions about the origin and structure of the Uzbek Sheibani-khan]. Trudy AN Tadj. SSR. Vol. 12. Stalinabad, 1954. Pp. 3–37. (In Russ.)

Sultanov, 1982 — *Sultanov T.I.* Kochevie plemena Priaralya v XV–XVII vv. (Voprosy jetnicheskoy i social'noj istorii) [Nomadic tribes of the Aral Sea region in the 15th – 17th centuries (Issues of ethnic and social history)]. Moscow: Glavnaia redaksiya vostoshnoi literatury, 1982. 160 p. (In Russ.)

Tiesenhausen, 1884 — *Tiesenhausen W.* Sbornik materialov, otnosyashexsya k istorii Zolotoi Ordy, izvleshenie iz arabskix istoshnikov [A collection of materials related to the history of the Golden Horde, extracts from Arabic sources]. Vol. 1. Saint-Petersburg: Tipografia Imperatorskoi Akademii Nauk, 1884. 564 p. (In Russ.)

Tiesenhausen, 1941 — *Tiesenhausen V.* Sbornik materialov, otnosyashexsya k istorii Zolotoi Ordy, izvleshenie iz persidskix soshinenii [A collection of materials related to the history of the Golden Horde. Extracts from Persian compositions]. Vol. 2. Moscow-Leningrad: Izdatelstvo Akademii Nauk SSSR, 1941. 605 p. (In Russ.)

Trepavlov, 2002 — *Trepavlov V.V.* Istotyia Nogaiskoi Ordy [History of Nogai] Horde. Moscow: Glavnaia redaksiya vostoshnoi literatury, 2002. 752 p. (In Russ.)

Vambery, 1865 — *Vambery A.* Puteshestvie po Srednei Azii [Journey through Central Asia]. Saint Petersburg: tipografia Y.A. Bokrama, 1865. 221 p. (In Russ.)

#### Әдебиетгер

Арғынбаев, 2000 — *Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В.* Қазақ шежіресі хақында. Алматы: Атамұра, 2000. 357 б.

Ахмедов, 1965 — *Ахмедов Б.А.* Государство кочевых узбеков. М.: Наука, 1965. 196 с.

Әбілғазы, 1991 — *Әбілғазы.* Түрік шежіресі. Алматы: Ана тілі, 1991. 208 б.

Бабалар сөзі, 2006 — *Бабалар сөзі.* Жүз томдық. Т. 39. Алматы: Фолиант, 2006. 448 б.

Вамбери, 1865 — *Вамбери А.,* Путешествие по Средней Азии. СПб.: типография Ю.А. Бокрама, 1865. 221 с.

Гродеков, 1889 — *Гродеков Н.И.,* Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. Ташкент: типо-литография С. И. Лахтина, 1889. Т. 1. 298 с.

Исин, 2004 — *Исин А.,* Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине XV–XVI вв. Алматы, 2004. 160 с.

Кочкаев, 1988 — *Кочкаев А.Б.* Ногайско-русские отношения в XV–XVIII вв. Алма-Ата: Наука КазССР, 1988. 272 с.

Кузеев, 1992 — *Кузеев Р.Г.* Происхождение башкирского народа. Этнический состав, история расселения. М.: Наука, 1974. 576 с.

Кузеев, 1974 — *Кузеев Р.Г.* Народы Среднего Повольжья и Южного Урала. Этногенетический взгляд на историю. М.: Наука, 1992. 347 с.

Қадырғали, 1997 — *Қадырғали Ж.* Шежірелер жинағы // Шағатай-қазақ тілінен аударып, алғы сөзін жазғандар Н. Мингулов, Б. Көмеков, С. Өтениязов. Алматы: Қазақстан, 1997. 128 б.

- Қазақ ру-тайпаларының тарихы, 2005 — *Қазақ ру-тайпаларының тарихы*: Найман. 1-кітап. Алматы: Алаш тарихи зерттеу орталығы, 2005. 443 б.
- Кәрібаев, 2014 — *Кәрібаев Б.* Қазақ хандығының құрылу тарихы. Алматы: Сардар, 2014. 520 б.
- Қинаятұлы, 2004 — *Қинаятұлы З.* Қазақ мемлекеті және Жошы хан. Астана: Елорда, 2004. 344 б.
- Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII веков, 1969 — *Материалы по истории Казахских ханств XV–XVIII веков* (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) // Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, В.П. Юдин. Алма-Ата: Наука, 1969. 652 с.
- Материалы по истории киргизов, 2002 — *Материалы по истории киргизов и Киргизии*. (второе издание) // Отв. редактор В.А. Ромодин. Бишкек: КТУ Манас, 2002. 315 с.
- Мустакимов, 2009 — *Мустакимов И.А.*, Об одном списке «Дафтар-и Чингис-наме» // Средневековые тюрко-татарские государства. Вып. 1. Казань: Институт истории им. Ш. Марджани АН РТ, 2009. С. 122–131.
- Ноғайбаева, 2020 — *Ноғайбаева М., Кәрібаев Б.* Алтын Орданың этникалық тарихына қатысты ауыз әдебиетінің деректерін талдау // ҚазҰУ хабаршысы. Тарих сериясы. 2016. № 3. 11–118 бб.
- Өтеміс қажы, 2005 — *Өтеміс қажы*. Шыңғыснаме // Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Т. 1. Алматы: Дайк-Пресс, 2005.
- Потанин, 1917 — *Потанин Г.Н.* Казак-киргизская и алтайская предания, легенды и сказки // Живая старина. Петроград: Типография В.Д. Смирнова, 1917. 312 с.
- Рашид ад-дин, 1952 — *Рашид ад-дин*. Сборник летописей // Пер. с персидского О.И. Смирновой. Ред. А.А. Семенова. М.-Л.: Издательство АН СССР, 1952. Т. 1. Кн. 2. 316 с.
- Рузбихан, 1976 — *Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани*. Михман-наме-йи Бухара. (Записки Бухарского гостя). Перевод, предисловие и примечания Р.П. Джалиловой. Ред. А.К. Арендс. М.: Наука, 1976. 196 с.
- Сабитов, 2014 — *Сабитов Ж.* Эмиры Узбек хана и Джанибек хана // Золотоордынское обозрение. № 2(4). 2014. С. 120–134
- Семенов, 1954 — *Семенов А.А.* К вопросу о происхождении и составе узбеков Шейбани-хана // Труды АН Тадж.ССР. Т. 12. Сталинабад, 1954. С. 3–37.
- Султанов, 1982 — *Султанов Т.И.* Кочевые племена Приаралья в XV–XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории). М.: Главная редакция восточной литературы, 1982. 160 с.
- Тизенгаузен, 1884 — *Тизенгаузен В.* Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды, извлечения из арабских источников. Т. 1. СПб.: Типография Императорской Академии наук, 1884. 564 с.
- Тизенгаузен, 1941 — *Тизенгаузен В.* Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. Извлечения из персидских сочинений. Т. 2. М.-Л.: Издательство Академии наук СССР, 1941. 605 с.
- Трепавлов, 2002 — *Трепавлов В.В.* История Ногайской Орды. М. Восточная литература, 2002. 752 с.
- Федоров-Давыдов, 1966 — *Федоров-Давыдов Г.А.* Кочевники Восточной Европы под властью золотоордынских ханов. М.: Издательство Московского университета, 1966. 276 с.
- Федоров-Давыдов, 1973 — *Федоров-Давыдов Г.А.* Общественный строй Золотой Орды. М.: МГУ, 1973. С. 180.
- Iskhakov, 2017 — *Iskhakov D.M.* The Role of the Turkic-Tatar Constituent People in the Formation of the State-Forming «People» of the Jochid Ulus in the 13<sup>th</sup>–14<sup>th</sup> centuries // *Zolotoordynskoe obozrenie=Golden Horde Review*. 2017. Vol. 5. No. 2. Pp. 290–324.
- Izmailov, 2022 — *Izmailov I.L.* Tatars of the Jochid Ulus: the formation and development of an ethnopolitical identity in the 13<sup>th</sup>–15<sup>th</sup> centuries // *Zolotoordynskoe obozrenie=Golden Horde Review*. 2022. T. 10. No. 4. Pp. 744–757.



## МАЗМҰНЫ

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

<b>Абылхожин Ж.Б.</b> 1920 ЖЫЛДАРДАҒЫ АУЫЛДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУДЕГІ КЕҢЕСТІК ӘДІСНАМАНЫҢ ЭТАЛОНДЫҚ-НОРМАТИВТІК СТЕРЕОТИПТЕРІНЕ СЫНИ ТАЛДАУ.....	424
<b>Андреев С.Н.</b> КЕҢЕСТІК ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ОРЫС ТАРИХНАМАСЫНДАҒЫ 1954 Ж. ТЫҢ НАУҚАН.....	439
<b>Панто Д., Калыбекова М.</b> ХАЛЫҚТАРДЫ КҮШПЕН ДЕПОРТАЦИЯЛАУ КСРО ҰЛТТЫҚ САЯСАТЫНЫҢ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ: ҚАЗАҚСТАННЫҢ ПОЛЯКТАРЫ.....	453

### ТАРИХ

<b>Алпысбес М.А., Алеушинов Ф.Т.</b> ЕДИГЕ БИДІҢ ҰЛЫҚ ҰЛЫС (АЛТЫН ОРДА) ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ.....	464
<b>Берлібаев Е.Т., Шамшиденова Ф.М., Жұбанышов Б.Т.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 20-40 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ АСТЫҚ, ЕТ ЖИНАУ НАУҚАНЫНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ.....	479
<b>Гиде ван Каппель</b> ПОЛ АНРИ САПАК СОҒЫС АРАСЫНДАҒЫ КЕЗЕҢ: ҰЛТШЫЛЫҚ МЕН ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМ АРАСЫНДА.....	495
<b>Ерменбаева Г.К., Нұрбаев Ж.Е., Сұлтанғазы Г.Ж.</b> XIX ҒАСЫРДАҒЫ ОРЫНБОР ӨЛКЕСІНДЕГІ САЛЫҚТАР МЕН АЛЫМДАРДЫ ӨНДІРІП АЛУ ЖҮЙЕСІ.....	504
<b>Капаева А.Т., Асанова С.А.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1921-1922 ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ: ЗЕРТТЕУ НЫСАНЫН КЕҢЕЙТУ.....	519
<b>Қозыбаева М.М.</b> 1920 ЖЫЛДЫҢ БАСЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШТЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСКЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР.....	532
<b>Ноғайбаева М.С.</b> АЛТЫН ОРДАДАҒЫ ЭТНИКАЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР.....	543
<b>Сандыбаева А., Динашева Л., Тастанбеков М.</b> ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫНЫҢ XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ.....	556
<b>Стамшалов Е.И.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС Өңіріндегі қарулы босқыншылық: себеп-салдары.....	570
<b>Түрсүн Х., Хакан Ас</b> «АҚ ПАТША» РӘМІЗІ ЖӘНЕ РОМАНОВ ӘУЛЕТІ БИЛІГІНІҢ 300 ЖЫЛДЫҒЫ ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗДЕ.....	585
<b>Уалтаева А.С., Апендиев Т.А., Марғұлан А.</b> XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАЛА ХАЛҚЫНЫҢ РЕТРОСПЕКТИВАСЫ.....	599

### АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Буранбаев Р.Н., Камалдинов И.Р.</b> 2022 ЖЫЛЫНДА АСПАРА ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ КЕЙБІР НӘТИЖЕЛЕРІ.....	611
<b>Жалаледин Ш.А.</b> ТОРҒАЙ ДАЛАСЫНЫҢ СӘУЛЕТТІК МҰРАСЫ (1980 ЖӘНЕ 2001 ЖЖ. ДАЛАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР НӘТИЖЕСІНДЕ).....	626

## СОДЕРЖАНИЕ

## ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

<b>Абылхожин Ж.Б.</b> КРИТИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ЭТАЛОННО-НОРМАТИВНЫХ СТЕРЕОТИПОВ СОВЕТСКОЙ МЕТОДОЛОГИИ В ИЗУЧЕНИИ НЕКОТОРЫХ ВОПРОСОВ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ АУЛА 1920-Х ГГ.....	424
<b>Андреев С.Н.</b> ЦЕЛИННАЯ КАМПАНИЯ 1954 Г. В СОВЕТСКОЙ И СОВРЕМЕННОЙ РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ.....	439
<b>Панто Д., Калыбекова М.</b> НАСИЛЬСТВЕННАЯ ДЕПОРТАЦИЯ НАРОДОВ КАК ИНСТРУМЕНТ НАЦИОНАЛЬНОЙ ПОЛИТИКИ СССР: ПОЛЯКИ КАЗАХСТАНА.....	453

## ИСТОРИЯ

<b>Алпысбес М.А., Алеушинов Ф.Т.</b> РОЛЬ ЕДИГЕ БИ В ИСТОРИИ УЛУГ УЛУСА (ЗОЛОТОЙ ОРДЫ).....	464
<b>Берлибаев Е.Т., Шамшиденова Ф.М., Жубанышов Б.Т.</b> ПОСЛЕДСТВИЯ ЗАГОТОВИТЕЛЬНОЙ КАМПАНИИ ЗЕРНА, МЯСА В 20-40-Е ГОДЫ ХХ ВЕКА.....	479
<b>Гиде ван Каппель</b> ПОЛЬ АНРИ СПААК В МЕЖВОЕННЫЙ ПЕРИОД: МЕЖДУ НАЦИОНАЛИЗМОМ И ИНТЕРНАЦИОНАЛИЗМОМ.....	495
<b>Ерменбаева Г.К., Нурбаев Ж.Е., Султангазы Г.Ж.</b> СИСТЕМА ВЗЫСКАНИЙ НАЛОГОВ И СБОРОВ В ОРЕНБУРГСКОМ КРАЕ В XIX ВЕКЕ.....	504
<b>Капаева А.Т., Асанова С.А.</b> ГОЛОД 1921–1923 ГОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: РАСШИРЕНИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОГО РАКУРСА.....	519
<b>Козыбаева М.М.</b> МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОРГАНИЗАЦИИ В БОРЬБЕ С ГОЛОДОМ В КАЗАХСТАНЕ В НАЧАЛЕ 1920-Х ГГ.....	532
<b>Ногайбаева М.С.</b> ЭТНИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В ЗОЛОТОЙ ОРДЕ.....	543
<b>Сандыбаева А., Динашева Л., Тастанбеков М.</b> СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ ГОРОДА ТУРКЕСТАНА ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX – НАЧАЛЕ ХХ ВВ.....	556
<b>Стамшалов Е.И.</b> ВООРУЖЕННОЕ БЕЖЕНСТВО В ЮГО-ВОСТОЧНОМ РЕГИОНЕ КАЗАХСТАНА В 30-Е ГОДЫ XX ВЕКА: ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ.....	570
<b>Турсун Х., Хакан Ас</b> СИМВОЛ «БЕЛОГО ЦАРЯ» И 300-ЛЕТИЕ ПРАВЛЕНИЯ ДОМА РОМАНОВЫХ В НАЦИОНАЛЬНОЙ ПРЕССЕ.....	585
<b>Уалтаева А.С., Апендиев Т.А., Маргулан А.</b> РЕТРОСПЕКТИВА ГОРОДСКОГО НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА В 20–30-Е ГОДЫ ХХ ВЕКА.....	599

## АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Буранбаев Р.Н., Камалдинов И.Р.</b> НЕКОТОРЫЕ ИТОГИ АРХЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ НА ГОРОДИЩЕ АСПАРА В 2022 Г.....	611
<b>Жалаледин Ш.А.</b> НАСЛЕДИЕ СТЕПНОГО ЗОДЧЕСТВА ТОРГАЙСКОЙ СТЕПИ (ПО РЕЗУЛЬТАТАМ ПОЛЕВЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ 1980 И 2001 ГГ.).....	626

## CONTENTS

## THEORY OF METHODOLOGY

**Abylkhozhin Zh.B.**

CRITICAL ANALYSIS OF THE REFERENCE AND NORMATIVE STEREOTYPES OF THE SOVIET METHODOLOGY IN THE STUDY OF SOME ISSUES OF AUL SOCIO-ECONOMIC HISTORY IN THE 1920S.....424

**Andreenkov S.N.**

THE 1954 VIRGIN LANDS CAMPAIGN IN THE SOVIET AND MODERN RUSSIAN HISTORIOGRAPH.....439

**Panto D., Kalybekova M.**

FORCED DEPORTATION OF PEOPLES AS A TOOL OF THE NATIONAL POLITICS OF THE USSR: POLES OF KAZAKHSTAN.....453

## HISTORY

**Alpysbes M.A., Aleushinov F.T.**

THE ROLE OF EDIGE BI IN THE HISTORY OF THE ULUG ULUS (THE GOLDEN HORDE).....464

**Berlibaev E., Zhubanyshov B., Shamshidenova F.**

CONSEQUENCES OF THE GRAIN AND MEAT PROCUREMENT CAMPAIGN IN THE 1920S-1940S.....479

**Gide Van Cappe**

PAUL HENRI SPAAK IN THE INTERBELLUM: BETWEEN NATIONALISM AND INTERNATIONALISM.....495

**Yermenbayeva G.K., Nurbayev Zh.Ye., Sultangazy G.Zh.**

THE SYSTEM OF COLLECTING TAXES AND FEES IN THE ORENBURG REGION IN THE 19TH CENTURY.....504

**Kapayeva A.T., Asanova S.A.**

THE FAMINE OF 1921–1922 IN KAZAKHSTAN: EXPANDING THE RESEARCH PERSPECTIVE.....519

**Kozybayeva M.M.**

INTERNATIONAL ORGANIZATIONS IN THE FIGHT AGAINST FAMINE IN KAZAKHSTAN IN THE EARLY 1920S.....532

**Nogaibaeva M.S.**

ETHNIC PROCESSES IN THE GOLDEN HORDE.....543

**Sandybayeva A., Dinasheva L., Tastanbekov M.**

SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE CITY OF TURKESTAN (SECOND HALF OF THE XIX – EARLY XX CENTURIES).....556

**Stamshalov Y.I.**

ARMED REFUGEES IN THE SOUTH-EASTERN REGION OF KAZAKHSTAN IN THE 1930S: CAUSE AND EFFECT.....570

**Tursun Kh., Khakan As**

THE SYMBOL OF THE "WHITE TSAR" AND THE 300TH ANNIVERSARY OF THE REIGN OF THE ROMANOV DYNASTY IN THE NATIONAL PRESS.....585

**Ualtayeva A.S., Apendiyev T.A., Margulan A.**

RETROSPECTIVE OF THE URBAN POPULATION OF KAZAKHSTAN IN THE 1920S AND 1930S.....599

## ANTHROPOLOGY

**Buranbayev R.N., Kamaldinov I.R.**

SOME RESULTS OF ARCHAEOLOGICAL RESEARCH AT THE ASPARA SETTLEMENT IN 2022.....611

**Jalaledin Sh.A.**

THE LEGACY OF THE STEPPE ARCHITECTURE OF THE TORGAI STEPPE (BASED ON THE RESULTS OF FIELD STUDIES IN 1980 AND 2001).....626

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми

журналы 2023. 10(3)

*Бас редактор:*  
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*  
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 28.09.2023.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*  
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК  
Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)  
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй